



«БЕКІТЕМІН»

ҚАЕУ Ғылыми Кеңесінің төрағасы

Е.А. Мәмбетқазиев

18 тамыз 2017 ж.

Қазақстан-Американдық еркін университеті Қамқоршылық кеңесінің ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің (бұдан әрі - ҚАЕУ) Жарғысы және Қазақстан-Американдық еркін университетінің Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Қамқоршылық кеңес ҚАЕУ алқалық басқару нысандарының бірі болып табылады.

1.3. Қамқоршылық кеңес ҚАЕУ жарғысына және Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібіне сәйкес құрылады.

1.4. Қамқоршылық кеңес еріктілік, теңдік, жариялылық және алқалылық қағидаттарында әрекет етеді.

1.5. ЖОО-ның қамқоршылық Кеңесі ЖОО-ның Ғылыми кеңесі бекітетін ереже негізінде әрекет етеді.

2. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

2.1. Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаты халықаралық деңгейдегі білім беру, ғылыми және мәдени орталық ретінде Қазақстанның қоғамдық - саяси өміріндегі ҚАЕУ-нің тиімді жұмыс істеуіне, дамуына және рөлін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

2.2. Қамқоршылық Кеңестің міндеттері:

2.2.1 Университетті дамытуға бағытталған өзекті міндеттерді шешу;

2.2.2 ҚАЕУ Даму стратегиясы мен бағдарламаларын қалыптастыруға жәрдемдесу;

2.2.3 Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;

2.2.4 Университеттің халықаралық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу;

3. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІ САЙЛАУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰРАМЫ

3.1. ҚАЕУ Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруды өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

3.2. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттардың жазбаша келісімімен алынған ұсыныстар негізінде қалыптастырылады және ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ҚАЕУ Президентінің бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

3.3.1. жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;

3.3.2. жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестердің өкілдері;

3.3.3. коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);

3.3.4. университет білім алушыларының ата-аналары немесе заңды өкілдері;

3.3.5. қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

3.3.6. ҚАЕУ Президенті немесе оның орынбасары Қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатысады.

3.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және бір-бірімен және осы білім беру ұйымының басшысымен тығыз қарым-қатынаста және таныс емес кемінде тоғыз адамды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңестің мүшелері ҚАЕУ қызметкерлерінің құрамына кірмейді.

3.5. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын ҚАЕУ Қамқоршылық кеңесі құрамындағы мүшелер саны үш адамнан аспайды.

3.6. Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады. Мемлекеттік органдардың өкілдерін Қамқоршылық кеңестің төрағасы сайламайды және оның міндеттерін орындамайды. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

3.7. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді.

3.8. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Білім беру ұйымы қызметкерлерінің арасынан тағайындалады және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

4. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

4.1. ҚАЕУ Қамқоршылар Кеңесі:

4.1.1. білім беру ұйымы білім алушыларының құқықтарының сақталуына, сондай-ақ ҚАЕУ шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

4.1.2. ҚАЕУ Жарғысына өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

4.1.3. ҚАЕУ дамуының басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;

4.1.4. қайырымдылық көмек түрінде ҚАЕУ-ге түскен ақша қаражатын бөлуге қатысады және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдайды;

4.1.5. ҚАЕУ бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4.1.6. ҚАЕУ басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы ұсыну, қайырымдылық көмекті пайдалану туралы есептерін тыңдайды.

4.1.7. білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

4.1.8 ҚАЕУ құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге жәрдемдеседі.

5 ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1. Қамқоршылық кеңестің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.

5.2. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды және ол кезде Қамқоршылық кеңес жұмыс істейтін қамқоршылық кеңес пен ҚАЕУ мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қажетті материалдармен бірге жіберіледі.

5.3. Хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны қамтылады. Хабарламаға баяндамашы көрсетілген отырыстың күн тәртібі, көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізу себептерін көздейтін анықтамалық материалдар, отырысқа Қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.

5.4. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі оны өткізу күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің қатысуы немесе қатыспағаны туралы қамқоршылық кеңестің хатшысына хабарлайды.

5.5. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңестің отырысын ұсыныс келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақырады, егер қамқоршылық кеңестің барлық мүшелеріне оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланса және отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

5.6. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде оны беру құқығынсыз бір дауысы болады.

5.7. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз бақылаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

5.8. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

5.9. Қамқоршылық кеңестің шешімдері өзінің интернет-ресурсында орналастырылады.

5.10. Білім беру ұйымының қайырымдылық көмегі ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және осы Ережеде көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

5.11. Білім беру ұйымы қабылдаған қайырымдылық көмектен түскен кез келген түсімдер басқа ұйымдық – құқықтық нысандарда құрылған білім беру ұйымдары үшін-екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа есептеледі.

5.12. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

5.12.1. университет білім алушыларын әлеуметтік қолдау;

5.12.2. білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіру;

5.12.3. спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;

5.12.4. мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру.

5.13. Қамқоршылық кеңес жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша ҚАЕУ интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру жолымен қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану және оның қозғалысы жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар етеді.

6. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТУ

6.1. ҚАЕУ Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату:

6.1.1. ҚАЕУ Президентінің бастамасы бойынша;

6.1.2 ҚАЕУ- ін тарату және қайта ұйымдастыру кезінде;

6.2. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады:

6.2.1. жеке бастама бойынша;

6.2.2. дәлелсіз себептермен отырыстарда қатарынан үш реттен артық болмауы себебінен.